

**Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің жылдық қаржылық есебінің тізбесі, нысандары, мерзімдері және ұсыну мен жариялау тәртібі туралы" 2005 жылғы 14 ақпандағы N 25 қаулысына толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басқармасының 2005 жылғы 27 тамыздағы N 94 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2005 жылғы 30 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 3863. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007 жылғы 5 ақпандағы N 11 қаулысымен.

*Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007 жылғы 5 ақпандағы N 11 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз) қаулысымен*

---

Екінші деңгейдегі банктердің жылдық қаржылық есебін ашуға қажетті қосымша ақпарат ұсынуды реттеу мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің жылдық қаржылық есебінің тізбесі, нысандары, мерзімдері және ұсыну мен жариялау тәртібі туралы" 2005 жылғы 14 ақпандағы N 25 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3499 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" ресми басылымдарында 2005 жылғы 1-15 мамырда жарияланған) мынадай толықтыру енгізілсін:

2-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Банктер шоғырландырылмаған (шоғырландырылған) жылдық қаржылық есепке және аудиторлық қорытындыға толықтыру ретінде есепті жылдан кейінгі жылдың 1 шілдесіне дейінгі мерзімде банктегі тәуекелдерді басқару жүйелерінің болуын бағалау жөнінде аудиторлық ұйымға есеп ұсынуы қажет."

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

3. Бухгалтерлік есеп департаменті (Шалғымбаева Н.Т.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу

ш а р а л а р ы н

қ а б ы л д а с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігіне және банктерге жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Б.Ш. Тәжіяқовқа жүктелсін.

Ұ л т т ы қ                      Б а н к

*Төрағасы*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Қ а р ж ы    н а р ы ғ ы            м е н    қ а р ж ы  
ұ й ы м д а р ы н                    р е т т е у            ж әне  
қ а д а ғ а л а у                      а г е н т т і г і н і ң

*Төрағасы*

2005 жылғы 2 қыркүйек